Қазақстан Республикасы
«Крез-Сервис»
Жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

Республика Казахстан
Товарищество с
ограниченной
ответственностью
«Крез-Сервис»

120008, г. Кызылорда, ул. Панфилова, 26
тел. 8(7242) 23 56 14, факс. 8(7242) 23 74 71
E-mail:krez.service@rumbler.ru
№ 07-18/95 от 21 июня 2018год

Қызылорда облысы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің басшысы Ғ.Қалиевке

Арыз

Осымен, «Крез-Сервис» ЖШС-і (БИН 040140007304), Сізден 2018 жылдың 30 мамыр айында №2590048-2 жарияланған **"Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Қуандария ауылындағы 100 орындық клуб құрылысы" обьектісінің жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеу жұмыстары (19413872-ОК1-лот бойынша)»** конкурсының қорытындысы бойынша наразылығымды төмендегідей білдіре отырып, конкурсты тексеруінізді сұраймын.

Әлеуетті өнім берушінің 12.06.2018 жылғы №25 төлем құжатымен ұсынған өтінімді қамтамасыз етуі ҚР Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» қағидаларына конкурстық құжаттамаға сәйкес «Крез-Сервис» ЖШС-гі конкурсқа қатысу үшін өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген немесе банктік кепілдікті ұсынбаған деп танылып конкурсқа қатысуға бас тартылған.

Ал, 12.06.2018 жылғы №25 төлем құжаттамада ұйымдастырушының атауы, БСН, банк деректемелері, сомасы, жоба-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары дұрыс көрсетілген, 1 % өтінім еш қатесіз дұрыс болған, өз шотына туспегендігін 2018 жылы 29-ші маусымда банктен қаржыны кері қайтару туралы хабарлама келгенде білдік. Алайда, 2018жылдың 12 маусым №25 ұсынылған төлем құжаты «БанкЦентрКредит» АҚ Қызылорда филиалынан өтіп мөрін қойып өтті деп бергесін, ұйымдастырушының шотына түспегенің білген жоқпыз. 2018 жылы 28-ші маусымда қорытындылар туралы хаттаманы шығарған кезенде шоттың дұрыс жазылмағандығын сонда білдік.

Алдын-ала беру хаттамасы болған жоқ, ережеде алдын-ала хаттама болу керек екендігі нақты көрсетілген, төлем құжаттаманы жөндеуге мүмкіндік берген жоқ, 1 % өтінім алаңсыз порталға салынбаған жағдайда ғана қайта кабылдау құқысыз конкурсқа қатысуға жібермеуге болады, ал біз 1% өтінімді ұсынып тұрмыз, мемлекеттік-порталға салу мен салмау екі түрлі мағына береді, алайда бірден қорытындылар туралы хаттама №2590048-ОК2 жарияланып №19413872-ОК1 лот бойынша"ПроектСервис" ЖШС жеңімпаз болып айқындалды. Осы орайда айтатыным, мәдениет саласында «Крез Сервис» ЖШС-і Қызылорда облысы

бойынша 2009 жылдан бері клуб құрылысының және де мадениет ошақтары жобасының авторы болып жұмыс тәжірибе толығынан сәйкес келеді. Ал, "ПроектСервис" ЖШС мен "А Строй Проект" ЖШС мекемелерінің тәжірибелерін комиссия мүшелері қалай есептегендігі жөнінде қалай білуге болады?

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді негізге ала отырып, аталған конкурсты тексеріп, әділ шешім қабылдауыңызды сұраймын, болмаған жағдайда құзырлы органдарға хабарлайтынымды мәлімдеймін.

Директор Дарменкулова М.Е.

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ «Крез-Сервис» ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ БСН/БИН 040140007304 РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД КЫЗЫЛОРДА